

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

## ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нұрлыбек З

[nnulybekova@mail.ru](mailto:nnulybekova@mail.ru)

«Мемлекеттік аудит» БББ 2 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші Жажметова А.Қ.

Үкіметтің Ұлттық банктегі шотында шоғырландырылатын, қаржылық активтер түріндегі, сондай-ақ материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге мүлік түріндегі мемлекет активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры болып табылады. Ұлттық қор мемлекеттің қор құрылымын қалыптастыру, сонымен бірге әлемдік бағалардың жағдайына республикалық және жергілікті бюджеттердің тәуелділігін төмендету мақсатында жасалынады. Бұл мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, қаржылық активтерді және материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге мүліктерді жинақтауға, экономиканың мұнай секторына тәуелділігін және қолайсыз сыртқы факторлардың ықпалын төмендетуге арналған. Ұлттық қор жинақтау және тұрақтандыру функцияларын жүзеге асырады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» жолдауында, «Соңғы кезде бюджеттің шығыс бөлігіндегі міндеттемелерді орындау үшін бюджет тапшылығы ұлғайып, Ұлттық қордан алынатын трансферттер көбеюде. Үнемі осылай «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүре алмаймыз. Біздегі қаржылық орнықтылықтың қоры соншалықты шексіз емес. Бюджеттің кірісін арттыру үшін шаралар қабылдау қажет екені сөзсіз. Бірінші кезекте, мемлекеттік шығыстардың ауқымын және оның тиімді жұмсалуын бақылауда ұстау керек», деп Ұлттық қорды ортайтпаудың маңыздылығын атап айтқан болатын.

Кесте 1

2021 жыл басындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері


№	Атауы	Соммасы	Үлесі %
1	2	3	4
1	<b>Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар:</b>	<b>2605146854</b>	<b>60,445</b>
2	Корпоративтік табыс салығы	9691029 79	22,2
3	Үстеме пайдаға салынатын салық	32861612	0,7
4	Бонустар	2261441	0,052
5	Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	351187894	8,1
1	2	3	4
6	Экспортқа салынатын рента салығы	399745420	9,2
7	Жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі	791061312	18,3
8	Жер қойнауын пайдалануға салынатын баламалы салық	58926196	1,3
9	<b>Мұнай секторының ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер:</b>	<b>7685486</b>	<b>0,18</b>

10	Мұнай секторының ұйымдарына орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1699630	0,03
11	Мұнай секторының ұйымдарына республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2598273	0,06
12	Мұнай секторы ұйымдарының шығынды өтеуі туралы талаптар бойынша табиғат пайдаланушылардан алынған қаражат	3383499	0,07
13	Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер	4084	0,01
14	Республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	10180988	0,23
15	Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және тізбе бойынша бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдер	10602471	0,24
16	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	224747	0,0005
17	Инвестициялық кірістер	1667028580	38,5
18	Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер	20330309	0,4
Барлығы		4321199435	100
Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастылған.			

2021 жылы Ұлттық қорға 2605146854 мың теңге түсті. Оның ішінде Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар, атап айтқанда жасалған келісімшарттар негізінде өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі мен Экспортқа салынатын рента салығының алар мөлшері басым.


Ұлттық қордың қаражатын сақтау үшін арнайы шаралар сақталу керек. Ұлттық қордың жинақтау функциясын жүзеге асыру үшін осы жылдың соңындағы ЖІӨ болжамдық құнының белгілі бір мөлшерінде азайтылмайтын қалдық сақталады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі №962 Жарлығына сәйкес 2014 жылға дейін 20 % мөлшерінде болған. Ал бұл көрсеткіш бүгінгі таңда 30% құрайды.

Ұлттық қордан өткен үш жыл ішінде 12 триллион теңге жуық қаржы алынып, әртүрлі мақсаттарға жұмсалған. Соның ішінде коронавирус пандемиясының зардаптарын өтеуге бағытталған жұмыстарға бөлінген. Аталған қаражаттың қалай игерілгеніне 2022 жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Аудит Палатасы (бұрынғы-Есеп комитеті) арнайы аудиторлық тексеріс жүргізген болатын. Тексеріс нәтижесінде елеулі кемшіліктерге жол берілгені анықталды.



Сурет 1. 2021 жыл басындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шығыстары

Ұлттық қордың шотынан 2021 жылдың ішінде Ұлттық қорды басқаруға байланысты жалпы сомасы 4518968742 мың теңгеге шығыстар төленді. Оның ішінде кепілдендірілген трансферттер 2669700962 мың теңге (57%), нысаналы трансферттер 1830252200 мың теңге (39%), Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу 19015580 мың теңге (4%) құрайды.



Сурет 2. 2019-2021 жылдардағы Ұлттық қордан нысаналы трансферт қаражатын пайдалану бағыттары

2021 жыл ішінде нысаналы трансферт арқылы орта есеппен 1 жобаға 450 млн теңге есебімен 1750-ге жуық инвестициялық жоба қаржыландырылды. Олардың жалпы сомасы 787 млрд теңгені құрап, Ұлттық қордың үлесіде 13,3 пайыздан 100 пайызға дейін болған. Бұл жобалардың 86,5% инфрақұрылым мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа тиесілі. Ал жаңа өндіріс ашуға небәрі 7 жоба бағытталған. Соңғы жылдары нысаналы трансферттер қаражаты ағымдағы іс-шараларға көп мөлшерде бөлінуде. Бұндай көрсеткіштер 2017 жылдан бері байқалады. Сонымен қатар 2019 жылы нысаналы трансферттің барлық көлемі ағымдағы іс-шараларға тиесілі болғанын байқай аламыз.

2020 жылға дейін кепілдендірілген трансферттер мақсатсыз түрде жұмсалған. Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес отырысының 2020 жылғы 6 қазандағы №20-01-9.4 хаттамасына сәйкес, 2021 жылдан бастап ортақ зейнетақыны төлеуге және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін төлеуге Ұлттық қордан қаражат бөлінген.

2019-2021 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген нысаналы трансферттердің мақсатына сай және тиімді пайдаланылуына жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша, аталған жылдары пайдаланылмаған және Ұлттық қорға қайтарылмаған қаражат сомасы 72,3 млрд теңгені, оның ішінде 2021 жылдың қорытындысы бойынша – шамамен 60 млрд. теңгені құраған. Бұдан бөлек Ұлттық қордан бөлінген қаржыны өз мақсатына пайдаланбау фактілері де тіркелген. Мысалы, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 5 жыл ішінде 2 миллиард ағаш отырғызу, балық өнімдерін өндіру мен экспорттау көлемін ұлғайту үшін 2021 жылы алған қаражаттың 700 миллион теңге бөлінген. Алайда аталған сумма ведомстволық бағынысты кәсіпорындарына автокөліктер, жабдықтар мен ноутбуктер сатып алуға жұмсағаны анықталды.

Ұлттық қор қаражатының пайдаланылмаған қалдықтарының ішінара қайтарылуын қамтамасыз ету үшін «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі №267 қаулысын енгізген болатын.

Пайдаланбаған нысаналы трансферттер ұлттық қорға қайтарылмаған жағдайлардың тіркелгенін атап өттік. Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудит палатасы осы аталған заң бұзушылықтарды анықтай отырып, аудит нәтижесінде бірінеше іс-шараларды ұсынған болатын. Осы жұмыстар нәтижесінде ұлттық қорға нысаналы трансферттердің пайдаланылмаған қалдығы, нақты айтқанда 72,3 млрд. теңге қайтарылған. Ұлттық қор есебінен жабылатын шығыстардың көлемі мен үлесі оның экономикалық өсу, сонымен қарат әлемдік шикізат нарықтарындағы жағдайдан республикалық бюджеттің тәуелділігін төмендету мақсатынан бөлек бюджет тапшылығын жабудың қосымша көзі ретінде ғана пайдаланылғанын дәлелдейді. Ұлттық қордың шамадан тыс мақсатсыз пайдалану үлкен зардаптарға алып келуі мүмкін. Атап өткендей қазіргі таңда ұлттық қордың мақсатсыз пайдалануы, бұнымен қоса көп мөлшерде ұлттық қор қаражатын пайдалану болашақ экономикалық тұрақсыздыққа алып келеді. Атап айтқанда ұлттық қор қаражатын қарқынды түрде пайдаланбау елдің халықаралық қор қаражатының қысқаруына алып келеді. Бұның салдарынан Қазақстан Республикасы Үкіметі үшін сыртқы қарыз алу жағдайына әкеліп соғады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уикипедия. [Электронды ресурс] URL: [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD\\_%D2%B1%D0%BB%D1%82%D1%82%D1%8B%D2%9B\\_%D2%9B%D0%BE%D1%80%D1%8B](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD_%D2%B1%D0%BB%D1%82%D1%82%D1%8B%D2%9B_%D2%9B%D0%BE%D1%80%D1%8B)
2. Егемен Қазақстан Ұлттық портал [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/320433-ulttyq-qor-%E2%80%93-urpaq-igiligi-desek>
3. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі сайты [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/details/326566?lang=kk>
4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудит палатасы сайты [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/eseq?lang=ru>
5. Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігі сайт [Электронды ресурс]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/executive\\_office/presidential\\_councils/ulttyk-kordy-baskaru-zhonindegi-kenes](https://www.akorda.kz/kz/executive_office/presidential_councils/ulttyk-kordy-baskaru-zhonindegi-kenes)